



**Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым орталықтары бас директорлары мен ғылыми жетекшілерінің лауазымдық жалақысын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 955. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Республиканың ғылыми-техникалық прогресі, технологиялық дамуы үшін ұлттық ғылым орталықтары қызметінің зор маңызы бар екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ұлттық ғылым орталығы Бас директорының лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасы Министрінің орынбасары деңгейінде белгіленсін. Ғылым орталығы Ғылыми жетекшісінің лауазымдық жалақысының мөлшері орталықтың Бас директорының лауазымдық жалақысына теңестірілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министріне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша Ұлттық ғылым орталықтарының бас директорлары мен ғылыми жетекшілеріне лауазымды жалақысының 50 процентіне дейінгі мөлшерде үстемақы белгілеу құқығы берілсін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі